

**ҚОНАЕВТЫҢ «ӨТТІ ДӘУРЕН ОСЫЛАЙ» ЕҢБЕГІ ХАҚЫНДА****Байдалы Р.Ж., Абдикенова Э.Д.**

Біз қарастыратын тақырыбымыз: «Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» атты еңбегі хақында». Мақсатым тақырып бойынша аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д. Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» кітабына талдау жасау, оның ішкі құрылымына тоқталып, баяндау.

Д. Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» естелік-эссе, орыс тілінен еркін аударылған және автордың ықыласымен қазақша нұсқасын кеңейтіп, әдеби редакциялаған журналист Серік Әбдірайымұлы болатын. РГЖИ «Дәуір», МП «Ынтымақ», Алматы, 1992 жылы басылып шыққан, 448 беттік туынды. Негізінен еңбек рим цифрімен белгіленген 42 тараудан тұрады. Ислам Қабышұлы Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» еңбегін монғол тіліне де аударылған.

Бұл кітап естелік, мемуар түрінде жазылған. Баяндамады бастамас бұрын мемуар, естелік дегеніміз не екендігіне анықтама беріп өтуді жөн көрдік.

Мемуар, естелік (фран. *memoires* – еске алу), автордың өз көзімен көрген, қатысып, араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян түрінде, күнделік түрінде, жол жазбалар түрінде кездеседі. Қандай үлгіде жазылса да, әдеби шығарма жай естелік болып қалмайды. Естелік немесе өмірбаян, күнделік түрлерін пайдалану көркемдік тәсіл ретінде қолданылады, шығарманың өмірдегі болған уақиғаларға, нақтылы деректерге сүйеніп жазылғанын көрсетеді. Сонымен бірге мемуарлық көркем шығармаларда белгілі тарихи кезеңнің айтарлықтай мәні бар уақиғалары іріктеліп алынып, жинақталып бейнеленеді... Мемуарлық шығармада автордың өзі көріп білген жайларды, әр түрлі адамдардың әрекетін анықтап, айғақтап айтатыны – бұл жанрдың өзгешілігі және артықшылығы [2, 3].

Мен білетін мемуарлық романдар мысалы: Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», С. Көбеевтің «Орындалған арман», Ғ. Мұстафинның «Көз көрген» шығармалары.

Ал тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген қазақ мемуарлық романдары: Х. Әбдібаевтың «Өмірдария», Қ. Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние», Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі», Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» тәрізді шығармалар.

Бұл кісі «Өтті дәурен осылай» еңбегін жазуын зейнетке шыққасын қолға алған. Қонаевтың кітап жазуына түрткі депутаттар мен жұмысшылар сөзі, оларды тұжырымдап айтқанда: «Партия және мемлекеттік қызметіңізде жинақтаған мол тәжірибеңіз бар, өз өмір жайында неге кітап жазбасқа. Тегінде, сіздің өміріңіз республикамыздың тұтас бір кезеңіндегі экономикалық және мәдени өрлеу таихымен тікелей байланысты» немесе «Сіздің жасаған күллі баяндамалырыңыз, сөйлеген сөздеріңіз, жазған мақалаларыңыз республиканың, бүкіл еліміздің, сондай-ақ кейбір шет елдердің басылымдарында жарияланып тұрды. Соның бәрінде де өзіңіздің өмірбаяныңыз айтылған емес. Естелік жазсаңыз, соны ескерсеңіз және еңбектес болған кісілер назардан тыс қалмас», – деді, бұл пікірді кездескен сайын айтқан қазақтың белгілі ақыны, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов еді [1, 5-6].

Жалпы Д.Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» еңбегін оқушыға таныстырудан бастайды.

«Халқымыздың түбін білмеген – түгін білмейді» деген мақалын келтіре отырып, оның туғаннан бастап, ата-бабасы, өзінің жастық шағын өткізген қаласына [1, 12-19], студенттік өміріне, Қоңырат – Балқаш құрылысындағы еңбек жолына тоқталады [1, 19-23].

«Бас екеу болмай – мал екеу болмайды» демекші Димаш аға мен Зүһра Шәріпқызы кездесіп, мәңгілік қосақ болғаны да сипатталған [1, 57].

«Батыр жауда танылса, бейнетшіл кісі істе танылады» дегендей Д.Қонаев Ұлы Отан соғысы кезінде де майдан үшін қорғасын, мырышты, молибденді, вольфрамды еселеп өсіруге барлық күшті салып, халықы-

мызға танылғанын да айтпаса болмас[1, 84-114].

Қысқарта айтқанда Димаш аға республиканың басшылық қызметінде істеп, халқымен бірге өмір сүрген, қиын да қызықты өмір жолдарын өз еңбегінде мынадай кезеңдерге бөледі:

Бірінші – бұл Сталиндік заман, бесжылдықтардың балғасы солқылдата соғылған жылдар, индустрияландыру және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру периоды. Отан үшін от кешіп, жеңіс салтанатын тойлаған, жеке басқа табынудың әбден асқынған жылдары.

Екінші – бұл Сталиннің жеке басына табынуды әшкерелеген КОКП XX съезінен кейінгі жылдар. Көптеген мемлекеттік органдардың таратылып, халық шаруашылығы кеңестері ұйымдастырылған және ауылшаруашылығы органдары құрылымдарының астаң-кестені шыққан тұс. Адамның ғарышқа тұңғыш рет самғап, дүниені дүбірлеткен жылдар. «Антипартиялық топтың» талқандалып, бар биліктің бір кісінің қолына көшкені, Хрущевтің ұрттап ішіп, шайқап төккен шағы.

Үшінші – бұл 1964 жылы қазанда КОКП Орталық Комитетінің пленумында Хрущевтің субъективизмі мен волютаризміне күйрете соққы беріп, оны «тақтан» тайдырған, сөйтіп Брежневтің билігі басталған жылдар, яғни «тоқырау» деп айдар тағылған кезең.

Төртінші – Брежневтің дүниеден өтіп, Андропов және Черненко басқарған жылдар.

Бесінші – бұл «қайта құру» деп аталған Горбачевтің билік құрған жылдары, жариялық пен демократия жылымығы ескен, бірақ халқымыздың 70 жыл бойы өткен тарихы аяусыз сыналып, жөнсіз қаралған уақыт[1, 434].

Мінеки, өзі арасын ашып берген барлық бес кезеңдердің алғашқы төрт кезеңінде Д. Қонаев ағамыз 1942 жылдың сәуір айынан 1986 жылдың желтоқсанына дейін республикамыздың басшылық қызметінде болды.

Өзі кітапта келтірген Абайдың сөзімен айтқанда: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзің үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адам-

шылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың» дегендей[1, 435] Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін аянбай қызмет етіп, алланың да, халқының да сүйген ұлы болған Димекең өзінің осы ұзақ өмір жолын қортындылай келіп: «Таласатын да, тайталасатын да кездер болды. Таусылар шақ, мұңаяр тұс та аз болмады. Бірақ жасымадым, салымды суға жібермедім. Биікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да – ел, данаң да – ел. Соған арқа сүйедім, сонан үйрендім... Ердің қайратынан ердің қайраты асқан заман», – дейді[1, 436].

Ал енді қорыта келгенде менің түйгенім – бұл кісілер «өйттім, бүйттім» деп құрғақ ақыл айтпай, өздерінің басынан өткен оқиғаларын баяндай отырып, үлкен ой тастап, үлгі көрсетеді. Бүкіл кітаптың концепциясы – патшаға ақылдан гөрі сабырлықтың қажеттігі. Қай уақытта да қиындықпен бетпе-бет келген кезде кейбір мәселелерді көңіл таразысына салғанда, ең бастысы сабырлықты мұрат тұту. «Аузымды қақпайды екен» деп қалай болса солай сөйлемеген, біреуге тізе батырмаған, біреуге қиянат жасамақ түгіл, жаман сөз айтып, кісінің көңілін қалдырып көрмегендігін еңбегінде аңғаруға болады. Өйткені бұл қазақтың атам заманнан келе жатқан ғибратты қасиеті. Үлкен ата-әжелеріміз дастарқан басында бата берген кезде: «Алла патшаға сабыр берсін!» дейді. Бұл патшада сабыр болмаса, ел-жұрттың басынан дау-дамай кетпей, берекесі қашатындығы. Ал сабыр түбі – сары алтын, ақыл кені. Ашу – дұшпан, ақылды азайтатыны хақ. Юсуповтың кезінде Өзбекстанға кетіп қалған үш ауданды Қонаевтың қайтарып алуы тұлғаның өмірлік қана емес тарихи жеңісі. Ойымды қорытындылай келе ұлы тұлғалардың естелікке толы осындай мемуар еңбектері кейде біртұтас халықтың естелігі болып, оның жадында сақталмақ.

Сонымен, конференция жұмысына қатысуды өзіме үлкен абырой деп санаймын. Оның ұйымдастырушыларына алғысымды

білдіремін. Назар салып тындағандарыңызға үлкен рахмет! Сау болыңыздар!

#### Әдебиеттер тізімі

1 Қонаев Д. Өтті дәурен осылай естелік-эссе, РГЖИ «Дәуір», МП «Ынтымақ».–Алматы, 1992 ж. – 448 б.

2 Ақыш Н.Б. Қазақ мемуарлық романы.– Алматы, 2009. – 44 б.

#### Резюме

В данной работе полностью проанализирована книга Д. Конаева «Өтті дәурен осылай», написанная в жанре мемуар. Личная жизнь была

тесно переплетена с государственной деятельностью, большое место в книге отведено воспоминаниям о его общественной роли. Подводя итог, можно утверждать, что воспоминания – это нечто большее, чем эпизоды из прошлого, повод воспринять духом в трудный момент и отдать дань памяти тем, кто был рядом.

#### Conclusion

This article about memorial book «Өтті дәурен осылай» by D.Konaev. All Konaev`s life was contrasted with state. By own life example he had shown that the state problems are more important unless individual. Article`s conclusion is sometimes our individual life can have state importance.

### БУДЕМ ЖИТЬ ВОПРЕКИ... О СТИХАХ НАШЕГО ЗЕМЛЯКА АНАТОЛИЯ КОШТЕНКО

Бондаренко Ю.Я.

*От злых кошмаров не надо маяться.  
Бессильны сонмы когтистых недугов.  
Мы не уходим – мы растворяемся  
В глазах и жилах. Друзей и недругов.*

*Василий Бон*

Мы внимаем громким именам, ценим пришедшее издалека, порой не придавая особого значения своему, родному, тому, что рядом. А это родное бывает не меньше достойно внимания, чем то, что широко известно далеко за пределами нашего собственного края. О рано, очень рано ушедшем из жизни Анатолии Коштенко, который не прожил и тридцати, не забыли. Его памяти посвящены ежегодные поэтические конкурсы, проводящиеся энтузиастами в г.Костанай. Но, думается, он, как и всякий поэт, достоин не только этого, но и вдумчивого разговора о его стихах. Если забыто Слово, то чего стоят все конкурсы, звания, лауреатство и ритуально-юбилейные чествования?

Этот разговор о стихах Коштенко и предлагается читателю, не по поводу, а именно о стихах. Автор статьи не собирается на критических весах взвешивать меру таланта Анатолия либо рассыпаться в похвалах его «мало оцененному величию». Слишком уж модной стала сегодня фабрикация великих. Парадоксально, но факт! Забывая, порою просто по недообразованности, одно, мы, словно боясь остаться ни с чем, лихорадочно штампуем кумиров, людей не обыч-

ных, не преминув, как водится, упомянуть при этом и о себе, родимом, который сподобился некогда причаститься этим величием, то ли распив общую бутылочку, то ли пройдясь рядом по тротуару... да и так ли уж это важно? Главное, чтобы старательно раздутое величие одних возвышало нас самих. По крайней мере, в наших же глазах.

Как бы то ни было, здесь традиционной критико-аналитической оценки стихов не будет. Мы лишь постараемся вместе с читателями стать камертонами, попытаемся почувствовать Слово–то есть устремимся к тому, от чего нас так старательно отучает наше нынешнее слишком уж ревностно заентованное и опэгэкашенное (1) образование. Поскольку же речь идет о стихах, то тут уж никуда не деться и от своего личного их ощущения. Ведь, как это ни банально, а стихи – это не формулы или уравнения, которые на разных континентах должны прочитываться одинаково. Стихи – это облитые светом или погружающиеся в тень миры, своего рода селения духа, будь то мегаполисы или крохотные хутора,–они видятся, ощущаются и в зависимости от льющегося на них дневного ли, вечернего ли света и